

**2019-2020 оқу жылында
аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу
АЛГОРИТМІ**

**1-3-курс студенттері мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы 1-курс
магистранттары үшін Аралық аттестаттау:**

**Карантиндік режим кезеңінде көктемгі аралық аттестаттауды
(емтихан сессиясын) өткізу нысандары:**

1) дереккөздерге сілтемесіз көшіріп алу мәніне (плагиат) жазбаша жұмыстарды міндетті түрде тексере отырып, «Platonus» ААЖ арқылы жазбаша емтихандар;

2) ZOOM, Webex Meetings, Microsoft Teams және т.б. ақпараттық жүйелер мен платформалары арқылы онлайн форматтағы ауызша емтихандар;

3) «Platonus» ААЖ қашықтан режимде тестілеу;

4) ZOOM, Webex Meetings, Microsoft Teams және т. б. ақпараттық жүйелер мен платформалары арқылы онлайн форматтағы шығармашылық емтихандар.

Аралық аттестаттауды өткізу нұсқалары

Бірінші нұсқа: емтиханды неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру (бірақ 2020 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей).

Бұл ретте «І» - «пән аяқталған жоқ» деген баға қойылады. Бұл жағдайда стипендия тағайындалмайды, өйткені «І» бағасы «өте жақсы» немесе «жақсы» бағалардың баламасы болып табылмайды.

Екінші нұсқа: емтиханды «Жиынтық бағалауға» ауыстыру, ол ағымдағы және (немесе) аралық бақылау негізінде жүзеге асырылады. Бұл нұсқа студенттің қашықтан емтихан тапсыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Үшінші нұсқа: келесі академиялық кезеңде емтихан тапсыруымен пәнді қайта оқу.

Барлық жағдайларда студент «Platonus» ААЖ жеке кабинетінде электронды өтініш беруге міндетті.

Бітіруші курстарының студенттері мен магистранттары үшін қорытынды аттестаттау

Карантиндік режим кезеңінде қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары:

Қорытынды аттестаттау бакалавриатта дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындалып тапсыру және магистратурада магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі.

1) **дипломдық жұмысты қорғау және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау** қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы онлайн форматта жүргізіледі;

2) **кешенді емтихан** жазбаша емтихан; ауызша онлайн емтихан (Zoom, Microsoft Teams және т.б.); қашықтан тестілеу; «ашық кітаппен» емтихан (take-home open book exam) - үй жағдайында жобаларды орындау.

Дипломдық жұмыс мынадай негіздер бойынша кешенді емтиханмен ауыстырылуы мүмкін: 1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделу; 2) 2 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу; 3) ауру ата-аналарды күту.

Қорытынды аттестаттауды өткізу нұсқалары:

Бірінші нұсқа. Білім алушы дәлелді себептермен келмеген жағдайда аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні қорытынды аттестаттаудан өтуі. Қайта өткізілген отырыс күнін комиссия айқындайды.

Екінші нұсқа. Қорғау кезінде техникалық ақау немесе істен шығу жағдайында басқа уақытта қорытынды аттестаттаудан өту. Қорытынды аттестаттаудан өту уақытын Комиссия айқындайды.

Үшінші нұсқа. Қашықтан оқыту технологиялары арқылы қорытынды аттестаттауды өткізу мүмкін емес болған жағдайларда 2020 жылғы 1 шілдеге дейін жазғы кезеңде қорытынды аттестаттаудан өту.